

Көркем әдебиеттің күрделі жанры - әңгіме екені белгілі. Өйткені үлкен жанрдағы шығармаларға қойылатын талаптар әңгіме, новелла тәрізді (1-2 эпизодтан тұратын көркем қысқа әңгіме) шағын шығармаларға да қойылады. Бұл тұрғыдан алғанда Ыбырайдың әңгімелері түр мен мазмұн бірлігін сақтай отырып, негізгі мәселені жинақы, тартымды, әсерлі жеткізеді. Өзінің озық идеяларын жеткізуде жазушы халық тілінің байлығын шебер пайдалана білді. Оның шығармаларының бұндай қасиеттері олардың жастарға да, үлкендерге де ортақ екендігін көрсетеді. Ол әңгімелерді баланың санасына жеткізумен қатар оны әр бала санасына жеткізумен қатар оны әр баланың жеке іс-тәжірибиесімен байланыстыруына мүмкіндік береді. Әңгімені, не мысалды талдау барсында әр балаға «сіз не істер едіңіз?» деп, оны дәл сол оқиға жағдайына түсіру қажет етеді. Соның нәтижесінде әр оқушы сын тұрғысынан ойланып, санасына ой түседі.

Белгілі ғалым Қажым Жұмалиев: "Ыбырай Алтынсарин қазақ әдебиетінде көркем әңгіменің негізін салушы атасы болды. Көркем әңгімелердің композициялық құрлысынын шебер етіп құруда да оның өзінше еңбегі бар," – деп жазды.

Бұл аталған ерекшеліктер жазушының барлық әңгімелеріне ортақ.

Мектеп оқулығы үшін жазылғандықтан, Ыбырайдың әдеби туындылары балалар дүниесіне өте жақын. Сондықтан да ол қазақ балалар әдебиетінің атасы деп танылған. Оның шығармалары мұғалімдер даярлайтын оқу орындарында кең көлемде оқытылады. Мектеп оқулықтарына енгізілген. Әңгімелерін идеялық нысанасы жағынан жүйелер болсақ, еңбекті сүю, қадірлеу, жақсы мінез- құлыққа бағыттау, халқын сүю махаббат-мейірім (ана-бала) перзенттің парызы, т.б. өмірдің өзекті мәселелері қамтығанын көреміз.

Жазушының адамгершілік туралы идеялары эстетикалық тәрбиемен байланыста, бірімен- бірі ұштастырыла суреттеліп отырады. Оның шығармаларынан жазушының биік адамгершілік қасиетін, азаматтың тұлғасын көреміз, сүйсінеміз.

Өзінің өнегелі өмірі, тынымсыз ізденісі, жан-жақты таланты арқылы танылған Ыбырай Алтынсарин шығармаларының қазақ әдебиеті тарихында алатын орны орасан зор.

Қорыта келгенде, Ыбырай Алтынсарин- реалист жазушы, ағартушы педагог, қазақ балалар әдебиетінің негізін салушы, тіл тазалығы үшін күрескер, тұңғыш кемеңгер. Өзім қазақ тілі мен әдебиет маманы болғандықтан, «Ыбырай Алтынсарин» тақырыбында өтетін сабақтарда оның тәрбие мәселесіне баса назар аударып, оның шығармаларындағы гуманизм мен патриотизмді алға тартып, оқушыларды ұлы педагогтың қағидаларын ұстана отырып, тәрбиелеуге тырысамын.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ы.Алтынсарин тағылымы. Алматы, 1991.
2. Ы.Алтынсарин Таңдамалы шығармалар. Алматы, 1994.
3. Ы.Алтынсарин. Таза бұлақ. Алматы, 1988.

### **БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУДАҒЫ Ы.АЛТЫНСАРИННИҢ ЖӘНЕ АҒАРТУШЫЛАРДЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАЛАРЫНЫҢ РОЛІ**

***Рахметова К.М.***

*Нұржан Наушабаев атындағы Затобол орта мектебі*

Білім-қоғамды тұрақтандыратын, рухани мұраны сақтайтын, ұрпақты-ұрпаққа сабақтастыратын құрал. Сондықтан алға басқан сайын біз халқымыздың тарихи, ұлттық тіл қазынасын, яғни халық қазынасының бағалы жақтарын келешекке өзімізбен бірге индустриясы дамыған, толық техникаланған болашаққа ала баруымыз керек, сонда ғана біздің ұрпақ өз тілін, өз ділін, ұлттық танымын ғасырлар бойы сақтайды.

Ыбырай Алтынсарин – бар саналы ғұмырын туған халқын өнер-білімді, жаңа заманның өркениетті, мәдениетті елдерінің қатарына қосу жолына арнаған көрнекті тұлға. Ол өзінің ағартушылық, педагогтік, ақын-жазушылық тарихи қызметі мен зор талантын, жан-жақты терең білімі мен қайрат-жігерін елдің "желкілдеп өскен көк шөптей" жас ұрпағын оқытып, тәрбиелеуге, қазақ жерінде жаңа үлгідегі мектептер ашып, оқушыларды өз кезінің озық ғылымымен қаруландыруға, кәсіп түрлеріне үйретуге арнаған.

Ыбырай бұл жолда сан алуан кедергілер мен қиындықтарды жеңе отырып, үлкен жетістіктерге қол жеткізді, сөйтіп, туған халқының мақтан тұтатын ардақтысына айналды.

Қазақ даласына білім нұрын шашқан ұлы кемеңгер ұстаз, оқу-білім саласына ерекше еңбегімен өмірлік мұра қалдырған тұңғыш кемеңгер ағартушы.

Ыбырай халықтың өміріне, тарихында орны бөлек, аз өмірін халық тағдырымен бөліп қарай алмайтын ерекше нұрлы ғұламалардың бірі. Тарихтың соқпағынан халық өз даналығымен ерлігімен мұқалмас үміт арманымен өтеді десек, сол жолға қосқан үлесі ерек-

ше тұлғалар, кейінгі ұрпақтың үлгі өнеге мақсатына айналды. Сол ерекше тұлғалардың бірі-Ыбырай Алтынсарин десек еш қателеспейміз. Ыбырай халық ағарту жолында қызмет етті. Ыбырайдың педагогикалық қызметі 1860 жылы басталды. Өз халқының тарихи қажетін өтеуді мақсат еткен 19 жасар жас жігітке Торғайда мектеп ашу тапсырылды. Бұл оңай еместі. Бұл мектепті ашуға өкімет тарапынан қаражат берілмеді, жергілікті өкімет орындары ешқандай көңіл аудармады. Жәрдем көрсетуден бас тартты. Осыншама қиыншылыққа қарамастан, тәуекелге бел байлап өз бетімен мектеп ашу қамына кірісті. Ол халық мектебін ашып қана қойған жоқ, сонымен бірге оларға арнап оқыту мен тәрбиелеудің дидактикалық принциптерін дайындап, оқулық және әдістемелік құралдар жасады. Ғұламаның әдістемелік және педагогикалық мұраларын тәрбиесі мен оқытудың алғашқы теориясы мен оны іске асыру тәжірибесінен көруге болады. Ыбырайдың туған халқын алдыңғы қатарлы өркениетті қауымға жеткізудің негізгі кілті-мектеп деп: «Барлық үмітіміз, қазақ халқының келешегі, осы мектепте» деуі соған айғақ. Ал мектепте ұлы атамыз мынадай міндет, мақсаттарды жүктеді.

«Мектеп жаңа адамдарды тәрбиелеуі қажет», – деді. Бұл ойдың терең мәні бүгінгі күнде де адамгершілік тәрбиенің нәтижесі боларлықтай. Алтынсарин түсінігінде білім дегеніміз айналадағы ақиқатты тану. Табиғи ақыл деп жазды Ыбырай Алтынсарин, – ол бізді қоршаған айналаны қамтуға қабілетті, ол оны дамытып, біздің көргенімізді білуге мүмкіндік беретін дүниелік білім ғана деген еді. Осы мақсатпен «мектеп қазақ халқы арасында жаңаша өмір сүрудің жаңа әдеп-ғұрып, тәртіп, тазалық, қолөнер мен өнердің үлгісі болуы қажет».

Бүгінгі күнде біз ағартушының бұл қағидасын жаңадан ашып, халық педагогикасы деп, халықтың ғасырлар бойы жинаған халықтардың тәрбие көздерін ұсынудамыз.

Ыбырай жақсы тәрбиеші ғана емес, ол сонымен бірге тәжірибеші, әдістемелік ой пікірі бар озық мұғалім еді. Ол оқыту әдісін, өз түйгенінше орыс мектебінің озық үлгісіне негіздей құруды ойластырды. Ыбырай шәкірттеріне әр кезде әр түрлі әдіспен және әр түрлі оқулықтармен оқытуға барынша қарсы болды. Ол қандай пәнді болмасын ғылыми негізде оқытылуын оның жас өспірімдердің ақыл-ойын, сезім дүниесіне әсер ете алуының маңызы аса зор екендігін баса айтты. Ыбырай Алтынсарин балаларға сабақты өте қызықты, түсінікті етіп өткізуді ойластырды. Мәселен молдалардан сабақ алған балалар бір жыл ішінде өздері хат таныса, Ыбырайдан оқыған балалар небәрі үш айдың ішінде оқи білетін және жаз білетін. Халық мектептері үшін ең керектісі оқытушы. Қазақ мектептерінің бар келешегі көбінесе қазіргі бас оқытушыны дүниедегі заттың бәрінен де қымбат көремін дей келе ұлы ұстаз мұғалімдерге өте жоғары талап қоя білді. Мұғалім балалармен істес болады, егер ол бір нәрсені түсінбесе онда мұғалім шәкірттерді кіналамай, оларға дұрыс түсіндіре алмағаны үшін өзін-өзі кіналауы керек. Мұғалім балалармен сөйлескенде ашуланбай, күйгелек-тенбей, сабырлықпен сөйлеп, шұбалыңқы сөздер мен керексіз терминдерді қолданбай, әрбір затты ықыласпен қарапайым тілмен түсіндіру керек деген толғанарлық ой ұшқырлығы жатыр емес пе? Сөйтіп Алтынсариннің тәрбиеші ұстаздардың жеке басы туралы айтқан пікірлерінің негізгі арқауы-педагогикалық іс-өте нәзік, қасиетті іс. Ол өте сезімталдықты, балаға деген өлшеусіз сүйіспеншілікті бала жанын бірден танытып қырағылықты қажет етеді. Шәкірттерді сүйе білген оқытушы ғана қатаң талапты әрі өнегелі беделді тәрбиеші болады.

Ұлы ағартушы, қаһарман-қайраткер Ы.Алтынсариннің педагогикалық мұраларынсыз - қазақ этнопедагогикасының қалыптасу кезеңдерін елестету мүмкін емес. Ыбырай тағылымы жөнінде профессор С.Қалиев өз еңбегінде былай деп жазды: “..Ы.Алтынсариннің педагогикалық көзқарасынан да бүкіләлемдік тәлім-тәрбиенің алтын діңгегі гуманистік көзқарас, яғни шәкіртке жылы жүректі болу, мұғалім мен оқушы арасындағы ынтымақтастық принциптерінің көрініс тапқанын байқаймыз. Ы.Алтынсариннің демократиялық-ағартушылық бағыты оның педагогикалық көзқарасының үш бірдей саласынан көрініс тапты.

**Біріншіден, бүкіл өмір жолын мектеп ашуға, қазақ балаларын оқуға тартуға, дүние ғылымдарын үйретуге және соған оқу құралдарын жазып шығаруға арнаса, екіншіден, өнегелі ұстаз-тәлімгер даярлауға, оларға күнделікті ғылыми-әдістемелік басшылық жасауға көңіл бөлді.**

Үшіншіден, шығармаларында қазақ халқының XIX ғасырдағы қоғамдық өмірінде болған саяси-әлеуметтік мәселелерді жан-жақты қамтып жазуға жұмсады. Ол көз келген шығармаларында шәкірттерді адал, шыншыл, еңбек сүйгіш, өнегелі, өнерлі азамат болуға, зиянды іс-әрекеттен, ұрлық-зорлық, жатып ішер жалқаулық сияқты жаман әдет, жат мінезден бойын аулақ ұстауға шақырды.” [108,172-173].

Жоғарыда айтып өткендей Ы.Алтынсариннің қазақ баласының болашағы үшін бойындағы бар күш-жігерін арнағанын көреміз. Ы.Алтынсарин ағартушы-ғалым, педагог болумен қатар тарихшы-этнограф ғалым ретінде танылды. Атап айтсақ, оның 1870 жылы “За-

писки Оренбургского отдела Императорского русского географического общества” атты журналдағы “Очерк обычаев при сватовстве и свадьбе у киргизов Оренбургского ведомства” [124,13-25] деген еңбегімен таныса келе, Алтынсариннің қазақ халқының тарихын, мәдениетін және салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын жете білетін адам екенін байқаймыз. Ы.Алтынсариннің өзінің өмірі мен қызметі кезіндегі орыс-қазақ мектептерін ашу жұмыстарында, қазақ алфавитін орыс әріптері мен алфавитті нұсқасында жасау кезінде және басқа да қоғамдық қатынастардағы творчестволық істермен айналысуда өз ұлтының тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін өте жоғары бағалап, оның оқу-тәрбие жұмыстарында іске асыру идеяларын алдына мақсат етіп қойғанын оның еңбектерінен, практикалық істерінен көреміз. Ыбырайдың өз ортасындағы үлкен қарама-қайшылықтағы шиеленістерге төтеп бере отырып, өз идеясын ғылыми тұрғыда батыл ұсына білген және нәтиже шығарған жеңістері – қазіргі жас ғалым-педагогтарға теңдесі жоқ зор педагогикалық үлгі бола бермек.

Ыбырайдың орыс-қазақ мектептеріне арнап қазақтың ұлттық бай мұраларын орыс тіліне аудару арқылы қазақтың халық педагогикасын басқа ұлт өкілдеріне білдірудегі іс-әрекетінің нәтижесі деп қарауға тура келеді.

Оқулық жасау жолында оқулыққа Ыбырай мектепте қазақ балаларына білім мен тәрбие берудің басты құралы деп қарайды. Ол балаларға ана тілін таза және ұқыптылықпен үйретеді, шағын көркем шығармалар арқылы оларды жақсы мінез-құлыққа баулуды көздейді. Ыбырай балаларды мазмұны олардың білімін көтеретін, тақырыбы оларды қызықтыратын кітаптарды... қазақтың өз тілінде... басып шығару керек деп білді. Өзі 1876 жылдан бастап “Қазақ хрестоматиясын” жазуға кірісіп, оны 1879 жылы Орынборда бастырып шығарды. “Бұл кітапты құрастырғанда мен, – деп жазды. Ыбырай хрестоматиясының алғы сөзінде, – біріншіден, осы біздің ана тілімізде тұңғыш шыққалы отырған жалғыз кітаптың орыс-қазақ мектептерінде тәрбиеленіп жүрген қазақ балаларына оқу кітабы бола алу жағын көздедім”. “Қазақ хрестоматиясы” балаларға арналған өлеңдер мен шағын әңгіменовеллалардан құрастырылды. Олардың бірқатарын өзі жазды, біразын сол кездегі орыс оқулықтарынан еркін аударып алды. Хрестоматияға қазақтың халық әдебиетінің үлгілерін де іріктеп кіргізді.

“Қазақ хрестоматиясы” арқылы жеткен Ыбырайдың бүкіл әдеби мұрасы оның көркем шығарма жазуды ағартушылық идеясына бағындырғанын айқын көрсетеді. Ол әдебиетті бала санасына әсер ететін, оны жақсы, үлгілі істерге үйрететін күшті құрал деп ұқты.

Ұлы ағартушының оқушылардың ой-өрісінің дамуына қабілеттеріне жас ерекшеліктеріне сәйкес жазған алғашқы қазақ тіліндегі «Қырғыз хрестоматиясы» оқулығы тақырыптың суреттеу мен баяндаудың және жанрлық байлығымен көзге ерекше түседі. Ыбырай біріншіден қазақ халқының ауыз әдебиеті асыл үлгілерін балаларға арнап жазған дидактикалық нақыл әңгімелері мен мұралары игілікті істер алдында да атқарыла бермек. Өз ұрпағы халық ақыны Мариям Хакімжанова ұстаз атасына арнаған ойын былай түйіндейді:

*Жанын сала ұмтылды  
Болашақтың тауына  
Қиялдап қана қойған жоқ  
Май тамызып, от берді  
Ой-сананың жолына*

XX ғасырдың басында бір кезде Шоқан, Ыбырай, Абай көтерген ағартушылық қозғалыстың туын Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатовтар жалғастырды.

Бұлардың әрқайсысы өз зердесіне: «мектеп-қазақтарға білім берудің басты құралы... біздің барлық үмітіміз, қазақ халқының келешегі, осы тек осы мектептерде» -деп кезінде Алтынсарин айтқан ұлағатты сөзді мықтап түйді. Қазақ халқының іргелі ел болуы үшін олар ұлттық тілі мен әдебиеті, мектебі мен баспасөздің аса қажет екеніне барша жұрттың назарын аударды, ұлттық мектеп болу үшін онда сол халықтың қаны мен жаны рухы болу тиіс еді. Расында да қазіргі зиялыларымыз да қайта-қайта айтып жатқандай, ұлт мектептерінің қай-қайсында (қазақ, орыс, ұйғыр т.б.) болса да ана тілімен атар сол халықтың рухы, оның өсіп-өну тарихы, географиясы мен экологиясы, әдет-ғұрпы, тұрмыс салты, елдік дәстүрі жайында жүйелі түрде білім берілмейтін болса, онда ол ұлттық мектеп бола алмайтыны хақ. «Қазақтың тағдыры, – деп жазды Мағжан Жұмабаев, – келешекте ел болуы да мектебінің қандай негізде құрылуына барып тіреледі.. мектебімізді таза, берік һәм өз жанымызға (қазақ жанына) қабысатын, үйлесетін негізге құра білсек, келешегіміз үшін тайынбай-ақ серттесуге болады» деп жазды. Педагогика ғылымы философиялық білімді басшылыққа алып, тәрбиенің теориялық және практикалық мәселелерін шешуге үлесін қосты.

Ахмет Байтұрсыновтың қазақша әліппе жасауы, араб жазуына кіргізген реформасы, қазақ тіл білімінің негізгі терминдерін жұртымыздың образды ойлау мүмкіндігімен сабақтастырып өз топырағымыздан тауып, оларға тұңғыш анықтама бергені, дыбыс жүйесін «фонетика», қалыптастырып шығарған ұлы еңбегі педогогикаға қосқан үлесі екенін көруімізге болады.

«Ахметтің Октябрь төңкерісіне шейін қазақ халқын ояту ретінде көп еңбегі сіңді. Қазақ мектебі, қазақ тілі сықылды орындарда оның еңбегі мол ... Әр тілдің айдауында жүрген қазақ балаларына қазақ тілімен кітап жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргесін қалаған алғашқы адамдардың бірі – Ахмет. Ахметтің бұл тарихы еңбегі бағаланбай қалмақ емес. Бұны пролетариат та бағалайды», – деп жазды Сәбит Мұқанов. Ғаббас Тоғжанов пікірі де осымен сабақтас: «Бір кезде сары маса боп ызындап оятқан Ахметті қазақ еңбекшілеріде қадірлей біледі, сөзін оқып сүйсінеді».

Ахмет Байтұрсыновтың жастарға ұсынған адамгершілік жолы адалдық және ғылымды игеру. Ол үшін жастарды адал еңбек етуге, өз мінін өзі көріп түзете білуге шақырады, бар білімнің түп төркіні ақыл деп қорытындылайды.

Ы.Алтынсарин халықтың творчестволық күшіне, жарқын болашағына мол сенім артты. Ол әсіресе жастарды оқытып тәрбиелеу мәселесіне көңіл бөлді, оларды біздің нағыз келешегіміз, бар үмітіміз деп жастарды «Желкілдеп шыққан көк шөпке» теңестіріп, «біз болмасақ сіз барсыз, үміт еткен достарым, Сіздерге бердім батамды», – деп жасөспірім қазақ жастарының келешегінен зор үміт күтті. Сол үшін де халқымыз сол кездің өзінде-ақ өзінің ардагер аяулы ұлын: «ол біз үшін тек Ломоносов қана емес, сонымен бірге қазақтың ағарту саласындағы апастолы» деп жеріне жеткізе бағалаған еді. Қазір де тек қазақ қауымы ғана емес сондай-ақ бүкіл еліміз болып оны ұстаздардың ұстазы деп әркез қастерлеп, қадір тұтады.

Ыбырай Алтынсарин бір жағынан, жастарды оқуға, білім алуға үндесе, екінші жағынан, оқу, өнер, ғылым-білімге, оның жалпы халық үшін керектігіне еш мән бермейтін ескі көзқарасқа соққы береді. Өмірдегі сарқылмайтын мол байлық – білім екендігін айта келіп, білімге адамның қолы жету үшін, ерінбей оқу, қажымай еңбек ету керектігін түсіндіреді, уағыздады. Білім мен тәрбие-егіз ұғым. Сол себепті мектептерде білім берумен қатар тәрбие мәселесіне жете көңіл бөлінді. Мысалы: «Жаздың бір әдемі күнінде бір кісі өзінің баласымен бақшаға барып, екеуі де егілген ағашты көріп жүрді. Мына ағаш неліктен тіп-тік, ана біреуі неліктен қисық біткен? – деп сұрады баласы. Ата-анаңның тілін алсаң, ана ағаштай сен түзу кісі болып өсерсің. Бағусыз кетсең, сен де мына қисық ағаштай болып, бағусыз өсерсің. Мынау ағаш – бағусыз өз қалпымен ескен», – деді атасы. "Олай болса, бағу-қағуда көп мағына бар екен ғой", – деді баласы. "Бағу-қағуда көп мағына барында шек жоқ, шырағым, бұдан сен өзің де ғибрат алсаң болады, сен жас ағашсың, саған да күтім керек. Мен сенің қате жеріңді түзеп, пайдалы іске үйретсем, менің айтқанымды ұғып, орнына келтірсең, жақсы, түзу кісі болып өсерсің», – деді.

Ыбырай "Бақша ағаштары" атты әңгімесінде «Бағу-қағуда көп мағына бар» деп атап көрсетті. Яғни тәрбиенің үлкен рөл атқаратынын көрсеткен. Соның бірі – талап. Талап етіп талпынбаса, адам баласы алға баспаған болар еді. "Талапты ерге нұр жауар" деген халық мақалы да өмір тәжірибесінен туған. Жастық шақ – жігер-қайраттың мол кезі, бойдағы жақсы қасиеттерді жарыққа шығарып қалатын кез, ол үшін талап керек. Талаптан да, өмірден көрегіңді ал.

"Талаптың пайдасы" деген әңгімесінде Ыбырай сол идеяны көтереді.

І Петр патша шіркеуге барып ғибадат етіп тұрғанда, арт жақта бір баланың сурет салып тұрғанын көріп, қасына келіп, не салып жатқанын сұрағанда бала: "Сіздің суретіңізді салып жатырмын!" – дейді. Петр суретті көрсе, мез еш нәрсесі жоқ екен. Бірақ ақылды Петр патша ол баланың суретке талабы бар екенің аңғарып, сурет салатын оқуға бергізеді. Кейін сол бала үлкен суретші болады.

Жазушының бұл арадағы көздегені – жас баланың талабын, сол талаптың арқасында неге қолы жеткенін көрсету, кім талап етсе, сол мақсатына жететіндігін дәлелдеу.

Ұлы ұстаздың қандай шығармасын алса да оқушысының санасын оятып, жас өспірімдерге үлгі өнеге берерлік, болашағына жол сілтерлік, оларды іс-әрекетке үйретіп, өмір танытарлық ой тастайды. Өнерге ұмтылу, отанын елін сүю талаптылық, жігерлілік, ізденімпаздық, адамгершілік, жинақылық тағы басқа осылар тірізді жақсы мінез құлыққа тәрбиелеуге қажетті мәселелерді қамтиды. Абай атамыз айтқандай:

*"Өлді деуге сыя ма, ойлаңдаршы,*

*Өлмейтұғын артына сөз қалдырған".*

Қазақ ағартушы педагогтардың оқу-тәрбие туралы ойлары, рухани мұралары болашаққа ұлағатты сөз қалдырады.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. С. Қалиев, К. Аюбаев. Алтынсариннің таңдамалы педагогикалық мұралары. "Рауан" баспасы, 1991 ж., 196 бет.
2. Серікбай Оспанұлы Алтынсариннің айналасындағы адамдар. Қостанай "Шапақ" баспасы, 2006 ж., 294 бет  
Дерек көздері:
3. Есекешова М. Қазақ ағартушылары тәрбие туралы. Қазақстан мектебі журналы №11. 2008. 75 бет.
4. Саурықова Ж. Қазақтың тұңғыш ағартушысы. Қазақстан мектебі журналы №10. 2003. 14-18 бет.

### **ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН – БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ АТАСЫ**

**Сабыкова Г.Қ.**

*М.Қозыбаев атындағы №23 орта мектебі*

Ыбырай Алтынсарин – бар саналы ғұмырын туған халқын өнер-білімді, жаңа заманның өркениетті, мәдениетті елдерінің қатарына қосу жолына арнаған көрнекті тұлға. Ол өзінің ағартушылық, педагогтік, ақын-жазушылық тарихи қызметі мен зор талантын, жан-жақты терең білімі мен қайрат-жігерін елдің "желкілдеп өскен көк шөптей" жас ұрпағын оқытып, тәрбиелеуге, қазақ жерінде жаңа үлгідегі мектептер ашып, оқушыларды өз кезінің озық ғылымымен қаруландыруға, кәсіп түрлеріне үйретуге арнаған.

Ыбырай бұл жолда сан алуан кедергілер мен қиындықтарды жеңе отырып, үлкен жетістіктерге қол жеткізді, сөйтіп, туған халқының мақтан тұтатын ардақтысына айналды.

Өмірбаянына тоқтала кетсек, Ыбырай 1841 жылы қазан айының 20-сында қазіргі Қостанай облысы, Қостанай ауданында дүниеге келеді. Үш-төрт жасында әкесі Алтынсары қайтыс болып, атасы Балғожаның қолында өсіп, тәрбиеленеді.

Атасы Балғожа би өз аймағының атақты кісілерінің бірі болған. Ел ішіндегі көп билікті қолында ұстаған би, Орынбор әкімшілігінің алдында да беделді, белгілі кісі болған.

Замана бет алысын өзінше болжаған Балғожа табысқа жетудің ендігі жолы – оқу деп біледі. Сөйтіп, немересі кішкентай Ыбырайды Орынборда ашылады деп күтілген орыс-қазақ мектебіне күні бұрын жаздырып қояды. Бидің ондағы мақсаты, әрине, немересінің бала оқытып, педагог болуы емес, әкімшілік орындарда жұмыс істеп, шенеунік, орысша оқыған "төре" болып шығуы, ата-анасын асырауы.

Өлгі мектеп ақыры 1850 жылы ашылады да, оған қабылданған отыз қазақ баласының бірі – тоғыз жасар Ыбырай болады. Ыбырай мектепте сабақты ынта қойып оқиды, 1857 жылы оқуын "өте жақсы" деген бағамен бітіріп шығып, 1859 жылдың тамызына дейін өзінің туған елінде тілмаштық қызмет атқарады. Қалада оқып, қазақ даласына беймәлім жаңалықтардан хабардар болып, ой-өрісі кеңейген зерделі бозбаланың екі жылдай елде болуы – қазақ қоғамының жағдайын тереңірек түсініп, жаңаша сезінуіне, өзіндік ойға келуіне мүмкіндік береді.

1859 жылы Ыбырай Алтынсарин атасының жақсы танысы, сыйлас кісісі – Орынбордағы Шекаралық комиссияның төрағасы, шығыстанушы белгілі ғалым, профессор В.В. Григорьевпен жақын танысады. Ол Ыбырайға қамқорлықпен қарап, оған өзінің бай кітапханасын еркін пайдалануына жағдай жасайды. Ыбырай Григорьевтің кітапханасынан орыс жазушыларының шығармаларын, орыс және дүние жүзі ағартушы-педагогтерінің еңбектерін, ұлы адамдардың өмірі жайындағы кітаптарды алып, бас алмай оқыған. Мерзімдік басылымдарды оқып тұрған.

Өз бетімен көп ізденіп, білім қорын молайта келе, Ыбырай өзінің алдына тілмаш болуды емес, туған халқына пайдалырақ басқа бір қызмет істеуді мақсат етіп қояды. Оның ынтасы ағартушылыққа ауады. 1860 жылы Жайықтың шығысындағы қазақтар үшін төрт бастауыш мектеп ашылған кезде, Ыбырай өзі сұранып, Торғай мектебіне мұғалім болуға рұқсат алып, сонда келеді. Бірақ мектеп бірден ашыла қоймайды. Бұл аралықта, Ыбырай ел ішінде мектептің пайдасын түсіндіріп, біраз баланы өз үйінде оқытады.

Торғай мектебі 1864 жылы ғана ашылады. Осы жылы қаңтардың 8-і күні көптен күткен ісі орнына келіп, мектеп ашылды. Оған 14 қазақ баласы кірді. Бәрі де жақсы, есті балалар.

«Мен балаларды оқытуға қойға шапқан аш қасқырдай қызу кірістім», – деп жазады, ол белгілі шығыстанушы, профессор Н.И. Ильминскийге жолдаған хатында. Ыбырай мектептегі сабақ пен тәрбие жұмысын сол кездегі орыс мектептері үлгісінде құрады. Сабақты қазақ тілінде жүргізе отырып, ол балаларға орыс тілін үйретуге, пән негіздерінен білім беруге тырысады. Тәрбие жұмысын адамгершілігі мол, жаңа ұрпақ тәрбиелеп шығаруға бейімдейді.